

Бүркіт ЫСҚАҚОВ



**БҰЛ МЕНІҢ КӨЗ ЖАСЫМ ҒОЙ,
ҚАН АРАЛАС**

Бүркіт Ысқақов

БҰЛ МЕНІҢ КӨЗ ЖАСЫМ ҒОЙ ҚАН АРАЛАС

Өлеңдер

*Бұл кітап «ҚарЛаг - тарихтан тағлым, өткенге тағзым»
ғылыми азарту жобасы аясында жарық көрді*

Идея авторы:

*Қазақстан ҰҒА-ның мүше-корреспонденті,
заң ғылымдарының докторы, профессор
НҰРЛАН ОРЫНБАСАРҰЛЫ ДУЛАТБЕКОВ*

Қарағанды
Болашақ-Баста
2014

УДК

Бұл менің көз жасым ғой қан аралас ...

Алғы сөзін жазып, құрастырған:

Е. БАЛТАШҰЛЫ - ҚР Мәдениет қайраткері

Құрастырушыдан

ЖАЛЫНДАҒАН ҒҰМЫР, ЖАРҚЫЛДАҒАН ЖЫРЛАР

(Алғы сөз ретінде)

Бүркіт ЫСҚАҚОВ

Бұл менің көз жасым ғой қан аралас: Өлеңдер.

- Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2014 - 94 бет.

ISBN 978-601-273-212-2

Кітапқа ақынның әр жылдары жарық көрген жыр жинақтарынан іріктеліп алынған және жазықсыз жала жабылып, кеңестік концлагерьлерде жапа шеккен кезеңде жазылған өлеңдері топтастырылды. Отанға, туған жерге, өз ұлтына деген сүйіспеншілік - Бүркіт Ысқақов жырларының өзегі. Сондай-ақ, шынайылық, адамның ой-пікірін шектеуге, қадір-қасиетін табанға басып, қорлауға, құлдық бұғауда ұстауға жол бермей - ақын ұстанған негізгі жол.

ISBN 978-601-273-212-2

© Ысқақов Б.
© Қарағанды «Болашақ» университеті
"Болашақ-Баспа" РББ., 2014.

Үш жыл болды, жігіттер,
Отырғалы тұтқында.
Ұшты талай үміттер
Жолдас болған тұтқынға.

Үш жыл болды, ағайын,
Жай болғалы абақты.
Сыннан өттіңталайың,
Талайың бердің сабақты.

Үш жыл болды, достарым,
Отырғалы түрмеде.
Азап шекті жас жаным,
Керек дейсің кімге де?!

Үш жыл болды, жан жарым,
Көрмегелі жүзінді.
Мүмкін сен де шаршдың,
Үмітің де үзілді?!

Алда әлі - жиырма екі,
Көз жетпейді шетіне.
Болар бірақ бір реті,
Бекіне түс, бекіне!

-деп, өзіне өзі қайратберген қайраткер, ұлтының азаттығы мен тәуелсіздігі жолында басын тәуекелге тіккен, қыршын ғұмыры қызыл империяның азапты абақтыларында өткен ақын Бүркіт Ысқақовтың есімі кезі қарақты оқырман қауымға белгілі болса керек. Бүкең - Арқа топырағының тумасы: 1924 жылғы 4 қарашада қазіргі Нұра ауданының Көкмөлдір деген жерінде кіндік қаны тамыпты. Ақын қозы-лақ қуалап, табанына қараған кірген, балтырын қияқ кескен балғын шағы өткен ата жұртқа деген іңкәрлігін:

Жағасында Нұраның
Жер бар,
Аты - Көкмөлдір.
Болғанмен бірі жыраның,
Суы қандай мөп-мөлдір!

Бойы - бітік бетеге,
Жасыл құрақ - жағасы.
Төскейі - гүл текемет,
Балдан төтті - ауасы.

Халық сүйген қарт Қайып,
Осы жерде туыпты.
Ақын Сәкен жантайып,
Суына бет жуыпты.

Атам соны қоныс қып,
Мен де сонда туыппын.

Сонан маған ол ыстық,
Сондықтан, ол - сүйіктім!
- деген жыр шумақтарымен береді.

Нұра бойының құнарлы жағалауын, сулы-нулы өңірлерді қазақтардан тартып алып жатқан орыс отаршыларының озбырлығы көз алдында тұрған, халқының ауыр жағдайына тумысынан қанық бозбала Бүркіт ойранды отызыншы жылдардың дабыры басылмай жатып-ақұлттық сананы серпілту, азаттық аңсаған Алаш арыстарының ұлы мұраттарын насихаттау жолын таңдайды. Талапты жас кеше ғана қуғын-сүргін құрбаны болып, атылып, айдалып кеткен Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сәкен, Әлімхан сынды асылдардың ұшқынын зердесіне тұтып қалып еді. Сондықтан, Қарағанды оқытушылар институтының тіл-әдебиет факультетінде оқып жүрген кезінде-ақ халқының тағдырына немқұрайды қарамайтын дос-жар қауымның, ниеттес студенттердің басын қосып, «Елін сүйген ерлер партиясы» (ЕСЕП) деген атаумен саяси ұйым құрады. Осынау бастаманың басы-қасында болған, Бүкеңнің досы, ниеттес, пікірлес-серігі, қарт ұстаз, қаламгер Махмет Темірұлы:

«Елімізді коммунист партиясы емес, Алаш партиясы билесе, қазақ халқы ешқандай күйзеліске ұшырамаған болар еді. Қазақтар аштықтан жаппай қырылып жатқанда компартия ешқандай назар аудармай, «Біздің елде бәрі де бар, бәрі де тамаша» деп жүре

берді. Қазақтар біржола құрып кетсе де қиналып, қайғыратын түрі болмады.

Келешекте елін шексіз сүйетін, тек қана халықтың қамын ойлайтын, халық үшін жан аямай қызмет ететін партия керек. Ендеше, ондай партияны өзіміз құрып алуымыз керек дестік. Ондай партияны қалай атауымыз керек деген ой көп толғандырды. Әуелі «Жас Алаш» деп атамақ болдық. Мұны қойып, «Жас қазақ» демек болдық. Ақыры «Елін сүйген ерлер партиясы» (ЕСЕП) деп атадық.

-Өзінің аты көрсетіп тұрғандай-ақ, біздің партия, біздің ұйым нағыз халыққа қызмет ететін партия болмай ма? - деді Бүркіт маған күлімдеп қарап, - деп жазады «Азаттық аңсап азап шеккендер» (Алматы, «Арыс», 2013 ж., 13-14 беттер) атты естелік кітабында. Бұл Бүркіт Ысқақовтың:

«Уа, Азия, ұлысың!

Ұлылығың құрысын.

Құрысын демей не дейін,

Еуропаның құлысың!» - деп, от шайнап, аузынан жалын бүркіп тұрған жастық шағы еді (кейін бұл өлең «Үндістан ұраны» деген атаумен жарық көрді). Алғашқы курста оқып жүрген шағынан бастап оғаш ой, оқшау жүріс-тұрысымен көзге түскен, ұлт мүддесін бәрінен де жоғары қойған студент жасы кәмелетке толған шақта бірден әскер қатарына шақырылып, майдан даласынан бір-ақ шығады. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалы жеткен

өледі» дейді халық даналығы. Фашистік һәм коммунистік державалар арасындағы қанды қырқыстан 1946 жылы аман-есен оралған Бүкең азғана ай халық ақыны Доскей Әлімбаевтың әдеби хатшысы міндетін атқарыпты. Сол жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих-филология факультетіне түсіп, оны тәмамдағаннан кейін «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, республикалық «Пионер», «Білім және еңбек» журналдарында бөлім меңгерушісі, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде жауапты хатшы болып, қазақ журналистикасының өсіп-өркендеуіне үлес қосады. Елуінші жылдардың басындатарихшы Ермұхан Бекмахановтың «ХІХ ғасырдың 20 - 40 жылдарындағы Қазақстан» монографиясы жарияланған соң, «Правда» газетінде Шойынбаев, Айдарова және Якуниннің осы еңбекті мансұқ еткен «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық» деген мақаласы басылып, қазақ зиялыларының жаңа толқынын саяси сүзгіден өткізу науқаны қайта басталғанда бұрынғы-соңғы ұлтшылдық көзқарастары мен пікірлері үшін тұтқындалған Бүркіт Ысқақов бас еркінен айрылып, ширек ғасырға еңбекпен түзету лагеріне айдалып кеткен дүр. Оның бес жылын өтеп, КПСС XX съезінен кейін саяси тұтқындарға жасалған кеңшілікке іліккен ақын 1956 жылы ақталып шыққан екен. Сөйтіп, қоғамдағы орнын қайта иеленген соң, әдебиеттану саласында

⁹іздену-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, алпысыншы жылдардың аяғынан М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болады. 1970 жылы кандидаттық диссертациясын қорғаған Бүкеңнің шығармашылдық еңбегі өрістей түседі. Айдаудан оралысымен «Сенің Отаның», «Москваны тыңдаймын», «Өнерпаз болсаң...» сияқты «бейкүнә» кітаптар шығарған ақын енді «Жылдар жырлайды», «Шабыт шуағы», «Жеткіншек», «Әлімнің әлегі», «Өлеңді жылдар», «Шындық даусы» тәрізді соқталы жыр жинақтарымен қатар балдырған оқырмандарға арнап «Кішкене театр», «Кішкене көмекші», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деген еңбектерін жариялайды. Сонымен қатар, әдебиеттану саласында жүргізген жұмыстарының нәтижесінде «Қазақ - татар әдеби байланысы», «Қазақ - башқұрт әдебиет қатынастары тарихынан» атты монографиялары мен ғылыми мақалалары жарық көрді. Оның құрастыруымен «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары» атты жинақ шықты. Бүкеңнің қаламынан «Қазыналы Қарағанды», «Арқаның алып жүрегі», «Нұрлы Нұра бойында», т.б. көркем очерктер туды.

Ұлты азаттық алып, рухы асқақтауын мұрат тұтып, ғұмырын осы мақсатқа арнаған асыл аға қазақ мәдениеті мен әдебиетінің, ғылымының мәртебесін асқақтатады деген талантты інілерінен қолдан келер жәрдемін аямаған екен. Бүкеңнің шапағаты тиген сондай азаматтардың

⁴⁹бірі - қазіргі классик жазушы, ғалым Мұхтар Мағауин. Қазақ әдебиетінің тарихын үш жүзжылдыққа тереңдеткен «ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» (кейін «Қобыз сарыны» деген атпен шыққан монография) атты диссертациясын жекелеген тақырыпшаларға бөліп, жариялау кезіндегі бір эпизод жайлы Мұхаң былай дейді: «Әуелгісі - Асан Қайғы. Қысығын, қырсығын сыпырып тастап, - таптық тұрғы әзелден жоқ, - шағын, әдемі мақала жасадым. Үйде өз қолыммен мәшенкеге түсіріп, «Білім және Еңбек» журналына апардым. Мұнда бөлім бастығы болып, ол кезде жасы қырықты алқымдаған Бүркіт Ысқақов отыр екен. Сыртынан ғана білем, кейін жақынырақ таныстық, ақын әрі әдебиетші, туа біткен ұлтшыл, сол ұлтшылдығы үшін жиырманьш ішінде ұсталып, жиырма бес жылға каторғаға айдалған, одан замана кеңейген кезеңде ғана шыққан, сонша талқыдан өтсе де, әуелгі мұратынан айнымаған абзал адам еді. Мақаланы жақсы құптап қабыл алды, «Асан Қайғы» деген тақырыптан соң қолма-қол, жіті шолып шығып, үкімін айтты, жақсы екен, осы жаңа жылдың ар жақ, бер жағында шығарамыз деді. Менің жайымды сұрап, қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет тарихынан көлемді зерттеу жазып біткенімді естіп, риза болып қалды, тілектестік білдірді. Бүркіт аға қабыл алған «Асан Қайғы» деген мақала «Білім және Еңбек» журналының 1966 жылғы 2-санында басылған еді. Мен үшін

¹⁰ кезеңдік мәні болған, қуаныш әкелген мақала» (Мағауин М., Мен: Роман-эссе, Алматы, 1998ж., 413-414 беттер). Халқының тәуелсіздігі жолында бойындағы қуш-қуатын, білімі мен білігін, қажет болса, қаны мен жанын да құрбандыққа шалуға әзір болған Бүркіт Ысқақовқа тағдыр ұдайы дәл өзіндей мәрт ерлерді кездестіре бермепті. Мәселен, пайғамбар жасына жеткен шағында жазылған «Қазақкөне Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары» атты докторлық диссертациясы осының бір мысалы. Енді қорғауға дайындалып жүргенде бірегей еңбектің қолды болуы ғалымның ажалын жақындата түспегеніне кім кепілдік бере алады?! Кейін монографияның қолжазбасын ақынның қызы Айгүл Ысқақова тауып алып, «Арыс» қоры мен баспасының көмегімен 2007 жылы жарыққа шығарды.

Алаш азаттығының игілігін көре алмаса да, ұлтының тәуелсіздікке қолжеткізетін сәті, адамзат өркениетінің ұлы көшінен өзіне лайықты орын апатын уақыты тақап қалғанын айқын сезген ақын ғұмырының соңғы кезеңінде жыр сүйер қауымға ерекше тарту жасады. Ол - «Тас еденнің ызғары» атты өлеңдер циклы. «ҚарЛаг» пен «СтепЛаг» абақтыларында азап шеккен жылдарында жазылған, тұтқынның жаны қиналған, ар-намысы тапталған сәтіндегі көңіл-күйін қаны сорғалаған қалпында көрсеткен бірнеше өлеңі отыз жылдан астам уақыттан кейін алғаш рет, 1987 жылдың

соңында «Қазақәдебиеті» газетінде «Үзілмей жібі үміттің...» деген тақырыппен жарық көрген еді. Осы шығармапарға қатысты кезінде академик Мұхамеджан Қаратаев: «Сәкеннің сыры, Бейімбеттің мұңы, Ілиястың үні естілгендей» - десе, әйгілі ғалым Рахманқұл Бердібаев: «Б.Ысқақов бұл өлеңдерімен қазақ совет поэзиясында бұрын болмаған «Тұтқын жыры», «Лагерь өлеңдері» деп аталатын поэзияның жаңа түрін, жаңа жанрын бастады. Сондықтан, бұл өлеңдер қазақ совет поэзиясына қосылған жаңа бет болып табылады» - деп, аса жоғары баға берді. Ғұмырының ең аяулы, ең жемісті жылдары Қарағанды мен Жезқазған төңірегін алып жатқан кеңестік концлагерлерде өткен Бүкеңнің көкірегін жарып шыққан осы тұстағы жырлары тақырыбының сонылығымен ғана емес, шыншылдығымен, жоғары идеялығымен һәм көркемдік шеберлігімен де ерекшеленеді. Әрине, ұлт мүддесін ойлаған азаматтардың басына зобалаң орнатушы кеңестік құбыжық қоғам, коммунистік партия ұстанған шовинистік, отарлық саясат екенін жақсы біле отырып автор абақты азабын тартып, қорлық пен зорлық шегіп жүргендердің азаттыққа шығуына жәрдемді де солардан күтеді. Өйткені, миллиондардың тағдырын уысында ұстап тұрған шексіз билікке бөтен ешбір күш ықпал ете алмайтыны ақынға аян.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ халқының отарлық езгіден құтылуын армандап, осы

мақсатқа жету үшін рухани тәуелсіздікке ұмтылудың жолын іздеп, «Елін сүйген ерлер партиясын» құрған күрескер тұлға, ақын, ғалым Бүркіт Ысқақов Алаш жұрты азаттықтың ақ таңы атқанын жариялаған жылы бақыына аттанды. Жалындаған ғұмыры, жарқылдаған жырлары текке кетпегеніне, халқының игілігіне қызмет атқаратынына көміл сеніп, жарық дүниемен ризашылықпен қоштасқан болар. Міне, осынау ардақтымыздың, нұрлы Нұраның нән перзенті Бүркіт Ысқақовтың туғанына биыл 90 жыл толады. Тойдың дабырасымен тон тігіледі, сондықтан, Алаш жұртшылығы, оның ішінде қарағандылықтар, ұлт азаттығы жолында азап шеккен арыс ақынның еңбегін бүгінгі ұрпаққа әйгілеп, соңында қалған рухани мұрасын оқырман қауымға кеңінен насихаттауы - қасиетті парыз.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
ҚР Мәдениет қайраткері

Туған жер толғаулары

КӨКМӨЛДІР

Жағасында Нұраның
Жер бар, аты - Көкмөлдір,
Болғанмен бірі жыраның,
Суы қандай мөп-мөлдір!

Бойы-бітікбетеге,
Жасыл құрақ-жағасы,
Төскейі - гүл текемет,
Балдantәтті ауасы.

Халықсүйген қарт Қайып,
Осы жерде туыпты,
Ақын Сәкен жантайып,
Суына бетін жуыпты.

Атам соны қоныс қып,
Мен де сонда туыппын.
Сонан маған ол ыстық,
Сондықтан да сүйіктім!

ҚАРАҒАНДЫ - МЕКЕНІМ

Қарағанды - атақоныс, мекенім,
Әлемге әйгі кен ордасы екенің,
Елдігіңе, ерлігіңе жұрт риза,
Қайда жүрсем, саған тағзым етемін.

Ұлан-асыр мұхитындай көмірдің
Жалын атты сенде де оты өмірдің,
Көркем көше, көрікті үйлер сән құрған,
Қайда жүрсем, қуанышы көңілдің!

Сан жарыста оза шауып, ерледің,
Ешқашан да қолдан намыс бермедің.
Байқоңырдан аттандырып ғарышқа,
Құшаққа алдың космостың да ерлерін.

Мол қазынаң- мерей елге, жан ана,
Ендірмекші сән-салтанат қалаңа.
Еңбекетіп, бақыттапқан ерлерім,
Әкелмекші ырыс-байлықдалаңа.

Қарағанды -абзал, алтын бесігім,
Кетсін тағы әлемге бір есімің.
Далаң қандай дархан болса, мекенім,
Достарыңа қашанда ашықесігің.

Декабристер даусы

1.ЖАҢА БЕТ

(П. И. Пестельдің сөзі)

Болды бір іс не болса да,
Солай болу тиіс еді,
Асығыстау жасалса да,
Бұл біз үшін - ұлы іс еді.

Бармаған жан байыбына,
Бәлкім , бізді дер қара бет,
Әйтсе де Отан тарихына
Кеттік жазып бір жаңа бет.

2. БІЛЕР КЕЙІН

(С.И. Муравьев-Апостолдыңсөзі)

Жалғызөстім, қайғылы өстім,
Жанымды өмір жаралады,
Елемеді мені ешкім,
Ешкім маған қарамады.

Жауға қарсы жалғыз бардым,
Тағы елеусіз болдым құрбан.
Бірақ кейін білер халқым,
Айрылғанын қандай ұлдан!

3.ҮЛГІ-НҰСҚА

(К. Ф. Рылеевтің сөзі)

Білдік біздер әлімізді,
Білдік басым жаудың күшін,
Бірақжинап барымызды,
Ұрысқа ендік Отан үшін!

Жеңілісті тағы білдік,
Күш тең емес бұл ұрыста,
Әйтсе де біз бермек болдық
Басқаларға үлгі- нұсқа!

Отты жылдар өлеңдерінен

СОЛДАТ СЕРТІ

О, Отан, сенсің меніңтуған анам,
Әлдилеп, ақсүт беріп, әлпештеген,
Саянда еркін өскен менмін балаң
Ойы - озат, бойы - болат, күші - ерен,

Басыма қондырып сен бақыт құсын,
Нұр құйдың жүрегіме, көңілге де,
Бір сенің азаттығың, арың үшін,
Әзірмін өміртүгіл, елімге де!

ТУҒАН ЕЛГЕ

Жүрсем де кең дүниенің қай жағында,
Мейлі Фин, мейлі Корей аймағында.
Шығармай түңдетүстен, күндіз естен,
Туған ел, тек бір сенсің ойларымда!

Ішінде әскери сап, қалың^қолда
Аттаныс, алыссапар, ауыржолда,
Жүрсем де қилы-қилы жорықтарда,
Туған ел, ту деп білдім сені онда.

ҮШ ЖЕТИМЕК

(Венгер халық жырынан)

Өлдеқашан қайтыс болған анасының моласын -
Отыр қушып үшжетімеке, көзден төгіп сорасын.

«Тұршы, анашым, көрші мені, қызыңның не
болғанын,

Көрші мына көйлегімнің дал-дап болып

тозғанын».

«Тұрар едім, қарашығым, тұрар едім, -жан балам,
Бар қанымды жұтып қойды қатыгез Жер, жоқ
шамам».

«Тұршы, анашым, аймалашы, көзжасымды
құрғатшы,

Өрім өрім, жалаңаяқ жас ұлыңды жұбатшы!»

«Тұрар едім, балапаным, тұруға жоқ шама да,
Сүйектерім қалды қаусам қараңғы қу молада».

«Тұршы, анашым, қақшы арқамнан жұмсақ,
майда қолыңмен,

Аймалаусыз, еркелеусіз өткенім бе өмірден!»

«Тұрар едім, бетпақпайым қатты, тығыз жабылған,
Үлкен, шомбал шегелермен мықтап тұрып

қағылған».

«Кімдер бізгетемақ беріп, киіндіріп, жұбатар,

Кімдер тарап шашымызды, жасымызды құрғатар,

«Өгей шешенсылап, сипап, майлар жағар шашыңа,
Киіндіріп, отырғызар -үстелінің басына.

«Өгей шеше, рас, біздің шашымызды тарайды,
Бірақ оның тарағанынан шаштың түбі қанайды.

«Үстімізге таза көйлек кигізсе ол, расымен,
Жуады оны өзіміздің көзіміздің жасымен».
«Ықыласы түсіп, бізге ас бергеннің өзінде,
Жын-шайтандар ойнақтайды оныңдолы көзінде».

Әлемде талай тағдыр бар...

1. ПАРИЖ КӨШЕСІНДЕ

*Неміс фашистері қанша айдап салса да,
француз патриоттарының Совет Одағына
қарсы соғысқысы келмейді.
(1942 жылғы газеттен)*

Париж. Эйфель алаңы.
Жиналған қала адамы.
Сөйлеп тұр шешен мінбеде,
Жаңғыртып бүкіл ауаны.

-Жастарды айдап ұрысқа,
Қарттарды айдап жұмысқа,
Отырғаны фашистің,
Ойландаршы, дұрыс па?

-Жоқ,
-Жатпайды бұл дұрысқа
-Жатпаса егер бұрысқа,
Барма, жастар, ұрысқа!
Барма, қарттар, жұмысқа!

Жасқанбай қамау, соттан да,
Тайсалмай дардан, оқтан да,
Ұлдары Марат елінің.
Келді осы тоқтамға!

2.ҮНДІСТАН ҰРАНЫ

(М. Гандидің аузынан)

Үндістан отаншылдары ағылшын
отаршылдарына қарсы ерлік күреске
аттанды. Бұл күресті Махатма Ганди
бастады.
(1948жылғы газеттен)

О, Үндістан, ұлысың,
Ұлылығың құрысын!
Құрысын демей қайтейін,
Ағылшынның құлысың!
Ғасырбойы қаналып,
Тарылуда тынысың,
Тайып бақыт басыңнан,
Кетті қолдан ырысың.
* * *

О, Үндістан, ұлысың,
Ұлы өлкенің бірісің,
Жалпағынан басыпсың
Дүниенің Шығысын.
Есептесең, ерен көп
Шығысыңнан кірісің.
Бір өзіңе жетерлік
Бақыт, байлық, ырысың.

О, Үндістан, ұлысың,
Туды бүгін ұлы сын!
Оят, тұрғыз ұйқыдан
Ұлдарыңның тірісін!
Отаршылдық бұғауы
Қиратылсын, үзілсін,
Қанаушылық қамалы
Талқандалсын, бұзылсын.



Сағайған дәптер беттерінен

ҰМЫТҚАМ ЖОҚ, ӘЛІ ЕСІМДЕ

Ұмытқам жоқ, әлі есімде
Сталинград шайқасы.
Батыр қала іргесінде
Жаудың ойран айқасы.

Сол сұрапыл қанды ұрыста
Түн түндігі түрілген,
Күн күлімдеп Күншығыстан,
Таң шапағы білінген.

Сол сұрапыл қанды ұрыста
Біздің ерлік танылған,
Әрбір көше, әр бұрышта
Жеңіс дабылы қағылған.

Омырауды оққа төсеп,
Мен де оған қатысқам,
Тас көшесін еттім төсек,
Менен де аққан қасық қан...

БҰРАЛҚЫ

Ертеде, ескі ауылда
Бұралқы итбоп еді.
Еркелетер, есіркер
Иесі оның жоқ еді.

Жүретұғын тіміскеп
Күресінді көрінген,
Жерді іздейтін тентіреп,
Сорпа-суан төгілген.

Жалтақтайтын жан-жаққа,
Жаттан тілеп несібін,
Сүйек аңдып, әр үйдің
Сығалайтын есігін.

Отаны жоқ, елі жоқ
Көрсем космополитті,
Еріксіз еске түсірем
Бұралқы, кезбе сол итті.

ҚОРҚАҚ

Қорқақ жанның қолынан
Еш нәрсе де келмейді.
Оның бар яки жоғынан
Өмір өзгермейді.

Қорқақ адам жарамас
Қимылғада, ерлікке,
Ол бір жүрген арам ас
Кеңістікте, кеңдікте.

АШЫҒУДЫҢ БЕСІНШІКҮНІНДЕ

(Назым Хикметтен)

Бауырларым, егерде мен
Сіздерге айтпақ сырларым мен
Сөздерімді тапсам әрең,
Түсінерсіз себептерін:
Талды жүрек, өзектерім,
Бас айналып, шақты шекем,
Бес күнгі аштық ауыр екен.

Американ, европалық,
Бауырларым азиялық,
Елестейді көз алдыма
Түнек түнде маған келіп,
Көздеріңнен сәуле сеуіп,
Тұрғандарың қуат беріп.

«Бақыттымын» дерем, достар,
Қолдарыңды болсам ұстар,
Бейне анамның қолындай-ақ,
Бейне сүйген жарымдай-ақ,
Бейне өмір өзі келіп,
Тұрғандай-аққолын беріп.

Білемін мен, бауырларым,
Ауыр жылдар дауылдарын,
Бірге өткіздің меніменен,
Менің туған елімменен,
Бізді ешкім айыра алмас.
Сүйемін мен елдеріңді,
Сүйем және өздеріңді,
Алғыс айтам, дос пен жолдас!

Бауырларым, келмейді өлгім,
Жанбай жатып, келмес сөнгім.
Ал, жеңдеттер тар қапаста
Өлімші етіп азаптаса,
Сонда да өлмей, өмір сүрем,
Сіздерменен бірге жүрем.

Өмір сүрем ұзақ жылға,
Поль Робсонның жырларында,
Күрескерлер туларында,
Арагонның өлеңінде,
Ашық аспан әлемінде,
Жер бетінде өмір сүрем,
Тірілермен бірге жүрем.
Осы- менің барлық күшім,
Осы- менің мақтанышым,
Осы, достар, бақытым шын!

АНА МАХАББАТЫ

(Қ. Мұхаммадиден)

Білдік пе біз ана еңбегін бағалай,
Санадық па қанша кірпік ілгенін?
Ойсыз едім мен де барлық баладай,
Анашымды ардақтай да білмедім.

Кешір мені, жан анашым, тілдеме,
Өстім ғой мен бірі болып солардың,
Бұлақ барда су қадірін біле ме!?
Орман барда отын боп па томарың?!

Өтіп жатты ауыр күндер тізбегі,
Ана байғұс үлестіріп шелпегін,
Басымыздан сипайтұғын біздерді,
Алтын бидай жайлы айтып ертегі.

Кешке дейін әуре болып баламен,
Жөргектерді жуатұғын тазартып.
Сарғайса егер балғын жүзі санамен,
Самай шашын кетті бейнет ағартып.

Кезінде мен ана тілін алмадым,
Енді ол - өлік, тас жұмулы көздері
Жаңа білдім ана ажалы салмағын,
Құлағымнан кетер емес сөздері.

Есім кірді, ой тоқтаттым ержете,
Өзгерді де өмірге көзқарасым.

Болғандықтан шығар өзім әлде әке,
Анашымның енді білдім бағасын.

Көпке дейін ана қадірін білмейміз,
(Өзені мол елде суың қымбат па?)
Ал, өлген соң шырақ алып іздейміз,
Түспес қолға қайтып ана бірақ та.

АЛДАСА ЕГЕР СЕНІ ӨМІР

(А.С. Пушкиннен)

Алдаса егер сені өмір,
Қапаланба, қайғырма!
Қаралы күнде төзе біл,
Илан, шаттық-алдыңда!

Күтеді жүрек ертеңді,
Қазіргі шақ - қаяулы.
Баянсыз бәрі өтеді,
Не өтсе, сол аяулы!

* * *

Бақытты сол - кім өзін
Қорқынышсыз билесе,
Кімді бұлдыр тағдырға
Буалдыр үміт сүйресе.

Кімге түнде күңгірт ай
Тұманды сәуле шашса егер,

Кімге сенген алтын кілт
Есігін әсем ашса егер.

Бұл қасіретті өмірде
Жоқ қуаныш, жоқ ләззат.
Үміт гүлі солды ерте,
Өмір гүлі тартты азап.

Қайғымен өтті жастық шақ,
Сеземін қарттық ызғарын.
Ұмытса да махаббат,
Ұмытпан оның мұң-зарын!

ЖАУАП

(М.Ю. Лермонтовтан)

Кімде-кім тартып азапты,
Жасытса жастық жігерін,
Қорқыныш, үміт ләззаты
Тебіrentпес оның жүрегін.

Түкпірін сүйер жалғанның,
Тамбайды қайтып көз жасы.
Жеміссіз, бос арманның
Азығы болмас жолдасы.

Айрылған барлық сезімнен;
Жай түскен бейне бір томар,

Қалмаған еш із өмірден,
Жанар да сөнер, күл болар.

Нәр алмас бұтақ енді онан, -
Таңбасын тағдыр басты оған.

АНА

*Бибіхан Айнабекқызы Смағұлованың
жарқын бейнесіне ескерткіш*

Өмірге ана - бұлақ, ана - пана,
Өмірді өркендетер ана ғана,
Тудырған талай көсем, талай шешен,
Талай ер, талай ақын, талай дана.

Ойламас адамзатқа еш жаманат,
Өзгеге көрсетері - тек шапағат,
Ананың жүрегінен орын алған
Ізгілік, мейірбандық һәм махаббат.

Ана!
Ол - біздің елде ардақты адам,
Кіші де, үлкен де оны ардақтаған,
Өзінің аяулысы - Отанды да
«Ана» деп біздің халық текке айтпаған.

Тас еденнің ызғары

ЖУМАССЫҢ ҚАЛАЙ ӨЛЕҢМЕН?

(Кілт)

Өмірдің кейде шаттықпен
Болады қоса қайғысы,
«Жігітім, мұның артық" деп,
Айтады, көне, қай кісі?

Шаттықты жырлап үйренген
Ойнақы, отты қаламым.
Қайғыға келсе, күйбеңдеп,
Баспайды алға қадамын.

Қаптаса қайғы, дегенмен,
Жегідей жеген жаныңды,
Жумассың қалай өлеңмен
Іштегі дертті, жалынды?

ДУШАР БОП БЕЙНЕТ СОРЫМА...

Душар боп бейнет сорыма,
Көріне кез боп тағдырдың,
Тұтқынның түсіп торына,
Басыма бұғау салдырдым.

Қайғының қара қанжары
Қадалып ғазиз жүрекке,

Жараланып жас жаным,
Отырмын оймен түнекте.

Жақыным, жарым, жолдасым
Жаныма бірі келмейді,
Ойлай ма әлде өз басын,
Білмеймін әлде сенбейді?

Тергеуші сонша шұқшиып,
Тесіле терең тергейді,
Прокурор да түксиіп,
Шырайын жылы бермейді.

Надзиратель дегендер
Алакөздеп қарайды,
«Бұл - айыпкер» дегенде,
Әлдекімге санайды.

Салмағы жоқ сөзімнің
Айтқанменен «пәлен» деп,
Ақтығымды өзімнің
Берейін немен дәлелдеп?

Жазықсызбын, жарандар,
Көңілде жоқ түк кірім,
Нанбасандар, қарандар
Жүрегімнің түкпірін.

КІРШІК ЖОҚ БІРАҚ ОЙЫМДА...

Өтті күндер, өтті айлар
Отырғалы тергеуде,
Айтылса да не жайлар,
Ақтығыма сенбеуде.

Тергеу орны қайтсе де
Болса да етпек айыпты,
«Контр» деген әйтсе де
Атемес маған лайықты.

Демеймін, рас, кристалл ем,
Аққанатты періште,
Кір жұқтырмас кісі де кем,
Араласса әр іске.

Бар да шығар бойымда
Кей кемшілік, қателік,
Кіршік жоқ бірақ ойымда,
Көрсен де дүрбі әкеліп.

ЖАМБАСЫМА СЫЗ БАТЫП...

Жамбасыма сыз батып,
Жай болғалы абақты,
Талай рет Күн батып,
Талай рет таң атты.

Күні-түні сарылып,
Тергеуші алар жауапты,
Тыныс талай тарылып,
Жедім талай шапақты.

Жатыр стол үстінде
Қалың-қалың папкалар,
Менің көзім «түссін» деп,
Қасақана ақтарар.

- «Ананы айт!», «Мынаны айт!»,
«Білесің бе пәленді?»,
«Белгілі бізге барлық жайт,
Тілемейміз дәлелді»

«Жақын деген жолдасың
Күә боп өзі-ақ келеді,
Қорғау үшін өз басын,
Қаралап сені береді».

«Керек болса, күәні
Ата- анаңнан тартамыз,
Қайтсек-тағы кінәні
Мойыныңа артамыз».

«Қысып алсақ оңаша,
Күә болар әйелің,
Саған түсер араша,
Бар артыңда қай елің?!»

Дейді-дағы тергеуші
Үстіме келіп төнеді,
Қорлайды әлі келгенше,
Жеткенше тілі сөгеді.

АРТЫМДА БАР ЕЛ-ЖҰРТЫМ...

Жалған куә, жасанды
Қылмыстармен айыптап,
Бердің қатал жазанды,
Нағыз жауға лайықтап.

Есінде болсын бірақта,
Торғай емес, Бүркітпін.
Кетпессің сен де ұзаққа,
Төлерсің құнын Бүркіттің.

Бүркіт те емес жабайы,
Мен де адамның баласы.
Адам қаны оңай ма?!
Қымбатқа түсер бағасы.

Адам да емес жай ғана,
Ұлы Отанның ұлымын.
Оңайлықпен қай ана
Өлімге қияр құлынын?!

Жою мені, жігітім,
Түспес, сірә, тегінге.
Артымда бар ел-жұртым
Жоқтайтуғын меніңде!

ШЫҚҚАНДА ЖАҢА ЖАРҚ ЕТІП...

Шыққанда жаңа жарқ етіп,
Келгенде жаңа кемелге,
Құладым, түстім жалп етіп,
Тұңғиық түпсіз тереңге.

Кейбіреулер сол үшін
«Кетті, - дер мені, - келмеске»,
Бермек түгіл қол ұшын,
Сенеді қайтып көрмеске.

Рас, менің хал-жайым
Аянышты һәм мүшкіл,
Батарға жуық айдайын,
Сүйенер тірек жоқ ешбір.

Болсам да қанша жазықты,
Қайтуға бірақ сенемін,
Өз елім - таққан айыпты,
Босатар тағы - өз елім!

Балалықпен, жастықпен
Етсем де бір қателік,
Отаным менің- пейлі кең,
Ұмытпас борышын әкелік.

Еш нәрсенің байыбына
Бармаған терең, ерке едім,
Баспай ма ана бауырына
Өзінің ерке тентегін?!

Жіберер мені не ақтап,
Жасатар яки кешірім,
Шығармын ертең кең аттап,
Еркіндіктің есігін!

ҚОШ, АЛМАТЫМ!

Қош, Алматым, алтын тулы астанам,
Аттандым мен алыс ауыр сапарға,
Мен едім ғой сенің албырт жас балаң,
Тәрбиелеп, қосқан өзің қатарға.

Жастыққа тән аңғал, ашық көңілмен,
Келгенімде арсалаңдап алдына,
Таныстырдың қатал, ащы өмірмен,
Салдың отқа, салдың темір талқыға.

³⁸
Ақыл айтып, білім беріп сен маған,
Ұлы өмірге аштың анық көзімді.
Сенің үлкен кең залыңнан қармағам
Терең ой мен жоғары ыстық сезімді.

Тартып талай сен де сүю күйігін,
Махаббатпен жүрегімді жандырдым,
Сол кездегі жас жүректің сүюін
Қызыл гүл қып бақтарыңда қалдырдым.

Тербеледі Күндей қызыл байрағың,
Жел соға ма, әлде самал есе ме...
Ол-ту емес, менің жастық қайратым,
Жалау етіп қадап кеткен көшеңе.

Таң алдында сайрар бұлбұл бақшада,
Аңсап оның шешек атар гүлдерін.
Қалды дей бер менің жырым нақ сонда,
Қалды дей бер менің сонда үндерім.

Көз жасымды аққан талай жазықсыз,
Бұлақетіп арығыңда ағыздым.
Жас денемнен шыққан қанды парықсыз,
Тас көшеңе тамшылатып тамыздым.

Асыл арман, ғажап қиял мендегі,
Қанат берген ұшқыр, отты өлеңге,
Менімен бірге қоса айдалып келмеді,
Ақша бұлт боп қалды сенің төбеңде.

³⁹
Қалды бәрі - бақыт, байлық, дәреже,
Жарым, балам, достарым да сүйікті.
Өзімменен алмадым мен дөңеңе,
Ала кеттім тек үміт пен күйікті.

Қош, Алматым, алтын тулы астанам,
Аттандым мен алыс ауыр сапарға.
Қайда жүрсем сені есімнен тастамаң,
Қосылармын я қосылман қатарға.

ӨЗІМІЗДІҢ ТУЫСТАН

Қылмыс теріп Қиқымов,
Қыр соңымнан қалмады,
Андып жүріп Сиқымов,
Ақырында қармады.

Жоқтан бар қып Жамауов,
Бір пәлені байлады.
Үкім етіп Танауов,
Жиырма беске айдады.

Айтсам егер шындықты,
Ей, ағайын, туысқан,
Көрдім қорлық, сұмдықты
Өзіміздің туыстан!

ЖҰРТЫМА ДЕГЕН МАХАББАТ

Аз болғандай бір менің
Басыма тұтқын бұғауы,
Әйнегіне түрменің
Түсіпті қыстың қырауы.

Соқса қарлы мұздарын
Сыртта боран талмастан,
Тас еденнің ызғары
Өтеді және жамбастан.

Батса да ызғар денеме,
Соқса да боран долдана,
Ойламаймын дәнеңе,
Жасымаймын сонда да.

Кірмейді суық ойыма,
Соқса да боран қаталап,
Жылылық берер бойыма
Жұртыма деген махаббат!

МЕКТЕП

Еркін жүріп, ен жайлап,
Ел қадірін білмеппіз.
Көбелей көшіп, кең жайлап,
Жер қадірін білмеппіз.

Көргендіктен күн сайын,
Күн қадірін білмеппіз.
Болғандықтан әрдайым,
Түн қадірін білмеппіз.

Қампиып қарын тойған соң,
Ас қадірін білмеппіз.
Телегей-теңіз болған соң,
Дос қадірін білмеппіз.

Толықсып жанда жатқан соң,
Жар қадірін білмеппіз.
Бейнетсіз оңай тапқан соң,
Мал қадірін білмеппіз.

Енді олардың қадірін
Қалдым аздап біліп те.
Көру бейнет ауырын -
Мектеп екен жігітке!

ДОСТАРҒА СӨЗ

Ей достарым, достарым,
Қайдасыңдар, қайдасың?
Аман ба асыл бастарың,
Қазірде қандай жайдасың?

Қастарыңда жүргенде,
Қадіріңді білмеппін.

Аз күн ойнап-күлгенге,
«Мәңгілік бірге жүр» деппін.

Шолақ ойдан шорт мінез
Шығып кету-жеңіл-ді.
Болып кейде бойкүзей,
Қалдырыстық көңілді.

Болып кейде бақталас,
Жүрдік іштей өшіге.
Бірде - тату, бірде - араз,
Сөйлеспедік шешіле.

Күншілдікпен көре алмай,
Жүрдік кейде кектесіп.
Түзу сәлем бере алмай,
Дидарласып, беттесіп.

Болды тіпті күніміз
Шекелескен, шекіскен,
Оттай шарпып тіліміз,
Түбімізге жетіскен.

Ұятта болса, бұл - шын сыр,
Жасырайын несіңе?!
Екен бәрі бос былшыл,
Алсам енді есіме.

43

Кездессе егер ал бүгін,
Бәрі ыстық шетінен.
Құшақтар ем барлығын,
Өбер ем бәрін бетінен.

ҚИНАЙДЫ СОЛАР ЖАНЫМДЫ...

Ойламаймын анамды,
Ойламаймын жарымды,
Ойлаймын екі баламды,
Қинайды солар жанымды.

Ата-анамның менен де
Бар еді басқа ұлдары.
Келмеймін бе, келем бе,
Емес-ті маған тым зәру.

Жарым да қалмас далада,
Ауылда көп ед жігіттер.
Қосылар бір адамға,
Болса өзі үміткер.

Балама менің бірақта
Әке қайдан табылар,
Аумаған өзім сияқты
Жүрегі бар, жаны бар?!

Анада болар бірнеше ұл,
Бірнеше еркек әйелде,

Екі әкесі болған бір
Баланы көрдің қай елде?!

Рас, қамқоршы бар үкімет,
Бар қоғамдық мекеме.
Бірақ, достар, ғафу ет,
Өкеге олар жете ме?!

Берер киім, берер ас,
Берер үйін, пәтерін,
Өйтсе де олар бере алмас
Айналғанын әкенің!

Жүргенде өзім қамшы жеп,
Артымда қалған балақан,
«Өкешім, мені алшы!» деп,
Жайғандай маған алақан.

Қамқорлық жасар аталық
Болмай ешбір дәрменім,
Қасірет, қайғы, қалалық,
Көз жасым - әлім келгенім.

ЖАРЫМА ХАТ

Жапанда жалғыз жабығып,
Қалды алыста жан жарым.
Жан жарымды сағынып,
Қапаста қажып, зарладым.

Менің тартқан азабым
Жанына оның өтер ме?!
Жалыннан ыссы ғазалым
Жарыма жақын жетер ме?!

Қайғылы халін жарының
Қалқашым, сірә, біле ме?!
Тұншығып шыққан зарының
Үніне құлақ түре ме?!

Суытып әлде жүрегін,
Үзді ме менен үмітті?!
Басқаға арнап тілегін,
Тапты ма басқа жігітті?!

Айтпайды ешкім хабарын,
Жазбайды оны өзі де.
Құлақтосам сазарып,
Көрінгеннің сөзіне.

Жүгірген аң, ұшқан құс,
Аққан өзен, ескен жел,
Жарыма сәлем алып ұш,
Жарыма менен хабар бер!

Жүрегі - маған керегі,
Сүюі - менің арманым,
Күтсе-жары келеді,
Күтсін де тек жан жарын!

АРМАН

Жоғалттым, достар, бүгін мен
Қолдағы ырыс, байлықты.
Оларға бірақ өкінбен,
Байлықтан жүрек шайлықты.

Жоғалттым, достар, бүгін мен
Дәреже, қызмет, мансапты.
Оған да бірақ өкінбен,
Ақымақ боп оны аңсаппын.

Жоғалттым, достар, бүгін мен
Абырой, бедел, атақты.
Оған да енді өкінбен,
Атақтан көргем шатақты.

Өкінем тек қалғанға
Азаттықтан айрылып.
Сол үшін мен арманда,
Сол үшін жүрмін қайғырып.

БОЛАР БІРАҚ БІР РЕТІ...

Үш жыл болды, жігіттер,
Отырғалы тұтқында.
Ұшты талай үміттер
Жолдас болған тұтқынға.

Үш жыл болды, ағайын,
Жай болғалы абақты.
Сыннан өттің талайың,
Талайың бердің сабақты.

Үш жыл болды, достарым,
Отырғалы түрмеде.
Азап шеккен жас жаным
Керек дейсің кімге де?!

Үш жыл болды, жан жарым,
Көрмегелі жүзінді.
Мүмкін сен де шаршдың,
Үмітіңде үзілді?!

Алда әлі жиырма екі,
Көз жетпейді шетіне.
Болар бірақ бір реті,
Бекіне түс, бекіне!

МОСКВАНЫ ТЫҢДАЙМЫН

Күңгірлеп курант, Кремль
Соққанда таңғы сағатын,
Ойнақтап, толқып жүрегім,
Таңдаймын қалмай тағатым.

«Қайырлы таң, жолдастар,
Соңғы хабар» дегенде,

Асау аттай ойқтастап,
Сыймайды сезім денеме.

«Табысқа жетті Оралдың
Кеншілері тамаша...»
Жеңісіне олардың
Қуанам мен де балаша.

Кавказдық бір бишіге
Беріліпті ардақты ат.
Тыңдаймын оны сүйсіне,
Тұрғандай мені наградтап.

Москва - ортақ жалпыға,
Өтейді көптің керегін.
Тарыққан үнді хапқына
Беріпті достық көмегін.

Берсе де хабар түр-түрмен,
Айтпады бірақ біз жайлы.
Үмітпен қарап телмірген
Азалы жүрек мұңайды.

Москваны тыңдаймын
Сондада мен күні-түн.
Ниетімді бұзбаймын,
Үзілмейді үмітім.

Күн сәулелі Кремль
Жарық берген жаһанға.
Шұғыласын төгер бір
Деймін бірде маған да.

Түспесе егер көңілге
Көлеңкесі күдіктің,
Құштар болған өмірге
Үзілмес жібі үміттің.

ӨКІНІШ

Еркін жүріп, ен жайлап,
Ештеңені білмеппін.
Қызықты ойлап, қызды ойлап,
Түбіне түсіп дүрмектің.

Тізеден кешіп теңізді,
Жүргенде судай сапырып,
Біреуге «күшік» дегізіп,
Қалды ма біреу «аһ» ұрып.

Өкпелеттім кімдерді,
Кімдердің көңілін қайтардым?
Алғысын маған кім берді,
Қарғысын маған айтар кім?

Бұл менің көз жасым ғой қан аралас ...

Жақсылығым болса егер
Жұртқа қылған, сүйінем.
Қылығыма ел сөгер
Қапаланым, күйінем.

Есуастық кей күнгі
Еске түссе, өкінем.
«Міне, ақымақ!» деймін де,
Өзіме-өзім жекірем.

Уа халайық, ұмыт тек
Өткен күнді, өтінем!
Қатем болса, ғафу ет,
Мен де сені кешірем.

ЕҢБЕККЕ ЕРІК

Еңбекті, істі мен кеше
Қажетті міндет білуші ем.
«Еңбекке еркің бар» десе,
Мырс етіп кейде келуші ем.

Байқасам енді, жігіттер,
Іс екен мұным ағаттық.
Ерікте есіп жүріп мен
Алыппын құнын жоғалтып.

Бұл менің көз жасым ғой қан аралас...

Қалғанда енді айрылып
Еңбекке деген еріктен,
Тілеймін қайта қайғырып,
Кезімде талып, зеріккен.

Іссіздіктен іш пысып,
Алдыма қолым сыймайды.
Көрсем де нелер көп қысым,
Бәрінен осы қинайды.

Берсе егер қазір қайланы,
Кетпенді яки күректі,
Талқандардай Тайганы,
Түткендеймін түбекті.

Тұрмас едім арланып,
Тартынбас ем еш істен.
Котельниде от жағып,
Болар ем туннель тесіскен.

Дәретхана тазалап,
Сыпырар ем көшені,
Тек аталып азамат,
Туса күнім кешегі!

КЕЙ ТҰТҚЫННЫҢ ЖҮРЕГІ...

Басшылары түрменің
Айтпаймын тегіс жаман деп.
Бірақ байқап білгенім:
Кейі сонша қатал тек.

Бірі сондай бастықтың
Аралап жүріп түрмені,
Бірде шектен асып тым,
Бір тұтқынды тілдеді.

-Опасыздар! Сатқындар!
Қарақшылар! Баскесер! -
Деген сөздер сартылдап,
Жауып жатты боп нөсер.

Онда отыраған жан әрбір
Болмаса да танысың,
Болғандықтан тағдыр бір
Болмақ бірге намысың.

Бастықтың жөнсіз сөздері
Менің де тиіп арыма,
Төзімнің бітіп безбені,
Тақалып барып жанына:

- Байқа, бастық, тілдеме!
Орынсыз, - дедім, - сөкпеңіз!

Отырғанға түрмеде,
Бізді егесіз деп пе еңіз?

Қойса да заңмен жазалап,
Біз де - Отанның түлегі!
Кей бастықтан тазарақ
Кей тұтқынның жүрегі!

ҚАРЫНДАСЫМА ХАТ

Қарағым, қарашығым Қабышкенім,
Атыңнан айналайын, жаным сенің.
Әдейі атымды атап, алыс жолдан,
Артымнан іздеп кепсің, жаным менің.

«Оқ тисе тар қолтықтан, қарындасың-
Алады тартып» деген сөз расын -
Білдім ғой жаңа ғана, жаным сенен,
Жасаған жар боп, тәңір жарылқасын.

Қарағым, қарашығым, қалқатайым,
Келе ме әлде білгің ағаң жайын?
Отыр ғой ағаң байғұстар қапаста,
Қажытып қайғы менен қара уайым.

Ұрлық қып, кісі өлтірген айыбым жоқ,
Сонда да біз бейбаққа қайырым жоқ.
Бұл күнде шындық батып шаңырауға,
Боп тұр ғой ақ, қарада айырым жоқ.

Бұл тағдыр ең әуелі еркімді алды,
Сарғайтып санаменен көркімді алды.
Басыма мәңгі-бақи бейнет беріп,
Өмірі арылмайтын дертін салды.

Сонан соң жанымдағы жарымды алды,
Дүниеде ең сүйікті жанымды алды.
Жүрекке қасіреттің зәрін сеуіп,
Басыма қалың қара қайғы салды.

Аңырап алпыстағы анам қалды,
Зар жылап екі жетім балам қалды.
Жүздерін сорғалаған жаспен жуып,
Қарындас, апа, іні, ағам қалды.

Қан жуып ақ сақалын әкем қалды,
Жас буып жаудыр көзін көкем қалды.
Жабығып, жапа шегіп, жаутаң қағып,
Жанашыр жақын жеңге, тәтем қалды.

Астана, алтын тулы қалам қалды,
Ондағы шаттық дәурен, заман қалды,
Кең көшем, көркем бақшам, мәуелі бақ,
Үй-жайым, қора-қопсым қараң қалды...

Сыйласқан, сыпайы жүз жастар қалды,
Сырласқан, сұхбаттасып достар қалды
Жас өмір, жаңа талап, жарқын талант,
Төтті үміт, таудай арман босқа қалды...

Бірақмен өкінбеймін өткеніме,
Сотталып сонша жылға кеткеніме.
Сенемін үкімет пен партияның
Түбінде шындыққа бір жетпегіне.

Тұрсам да қай биікте, қай қияда,
Түссем де қандай қағаз, қай сияға,
Сенемін әділ Совет өкіметіне,
Сенемін коммунистік партияға.

ОТАН

Ақтамаған ақ сүтін
Ана менен атаның,
Ел басына туса күн,
Демеймін қорғар Отанын.

Ағайынға жаны ашып,
Қараспаған туысқа,
Шығуына шүбәм бар
Отаны үшін ұрысқа.

Опасыздық етсе егер
Досы менен жарына,
Ол адам деп ел сенер
Айта алмаймын тағы да.

Шырылдатып баласын
Тастап кетсе далаға,

Отаны үшін отқа ол
Сірә да түсе ала ма?!

Жанындағы жолдасын
Жықса апарып апанға,
Ол қастандық етпес деп,
Айта алмаймын Отанға.

Туған тілін менсінбей,
Тәкаппарсып қараған -
Өз еліне де жерсінбей,
Өзгені артық санаған.

Елінің білмейерлерін,
Шырқамаған ата әнін,
Сүйеді деме өз елін,
Сүйеді деме Отанын!

ЖАҢСАҚ ҒАЛЫМ

Әлі бар арамызда бірлі-жарым
Сыңар жақ, қызыл езу, жаңсақ ғалым,
«Мынау» деп көрсетпейін қолмен нұсқа
Онсыз да есімі оның жұртқа мәлім.

Болса да білім -тайыз, пікір -жаңсақ,
Оған да керек атақ, абырой, мансап,
Шимайлап бірдеңені ойдан-қырдан,
Ғалымдық атақ алу - барлық мақсат.

Бір өзі бар теманы бауырлайды,
Ғылымға оның жаны ауырмайды,
Шектелмей тек өзінің шатпағымен,
Пікірін басқалардың тағы ұрлайды.

Түрткілеп әр бұтаны, әр қияны,
Бүлдіріп қағаз, қалам һәм сыяны,
Өзінің шолақ пікір, шала ойымен
Алдайды үкіметті, партияны.

Деп жүріп қараны - ақ, ақты - қара,
Бүлдірді дүниені бұл бишара.
Өзінің кірлі қалам, лас қолымен
Елімнің сан ұлына жапты жала.

Жұлдыз боп туған халықталайына,
Күн болып төккен нұрын маңайына,
Халқымның терең ойшыл, дана ақыны-
«Байшыл» деп бәле жапқан Абайыма.

Айналмай тек өз ауыл, қотанына,
Айнымай еңбек еткен Отанына,
Халқымнан дара шыққан тұңғыш ғалым,
Жабысқан «шоқынған» деп Шоқаныма.

Қарамай ақ-қараға, кедей-байға,
Мектеп сап, білім шашқан қырға, ойға.
Халқымның ұлдарының арын қорғап,
Партия өзі түскен арашаға.

Абайға азу тісі бата алмады,
Шоқанға атқан мылтық от алмады,
Сонда да жаңсақ ғалым жанталасып,
Тыпыршып бір орында жата алмады.

Қолына алып тағы кірлі қалам,
Ақтарып ескі архивті суырмадан,
Қайтадан жаңсақ ғалым кірісті іске,
Зер төгіп өңешінен одан жаман.

Халқымыз ғасыр бойы жырға бөлеп,
Аттарын ардақтаған Айға теңеп,
Ақ Жүніс, ару Жібек, пәк Баянды
Атайды жаңсақ ғалым «антисовет».

Жүрегі толы ізгілік, махаббатқа,
Үйреткен халқын достық, шапағатқа,
Ақ Айман, сұлу Шолпан, ерке Еңлікті
Мін тағып, іліктірмек жаманатқа.

Қаралап Қамбар, Сайын, Тарғынды да,
Жазалап Есет, Бекет, Жалбырды да,
Айыптап Асан, Бұхар, Шортанбайды,
Жазғырмай тарихтан жан қалдырды ма!?

Қобызшы Қорқыт ата күйін шерткен,
Қорғаған күймен халқын өлім, дерттен.
Қорқытты «күй атасы» десе халқы,
Атайды жаңсақ оны «керікеткен».

Жеп еді ер Едіге елдің қамын,
Қуған ед Көк Ордадан моңғол ханын,
Құтқарған Тоқтамыстың тепкісінен
Атырабын Еділ, Орал, Сарыарқаның.

Хан болып, халқын қанап һәм қыспады,
Елге айтып әділ билік, тең ұстады.
«Ел қамын жеген Ерім» десе елі,
Атайды жаңсақ оны «ел дұшпаны».

Кенекем жеке хандық құрмақ еді,
Жеке ел боп өз алдына тұрмақ еді.
Ол кезде қалың қазақ қолдады оны,
Түсінген жұрт қарсылық қылмап еді.

Бұл күнде соры қайнаған сорлы Кене,
Жаламен душар болды әлденеге?
Аталып Ақырында халық жауы,
Әрі анти, әрі контр болды Кене.

Тарихын өз елінің білмейтұғын,
Ол үшін жаны ашып, күймейтұғын,
Ойлаған тек өзінің қара басын,
Бар ойын атақ, мансап билейтұғын.

Осындай шолақ, дүмше ғалымдарды,
Ала аяқ, қара ниет залымдарды
Кім дейміз жаңсақ демей, айтшы жұртым,
Ақылға емессің ғой өзің жайлы!?

Бәрібір жаңсақ ғалым, дүмше молда,
Ғылымға, халыққа жат бұл да, ол да.
Ел ісін, ер намысын таптаттырмай,
Ал халық, ал партия, өзің қолға!

АЩЫ АҚИҚАТ

Қазақтың әдебиет, тарихында
Түсіпті көп мәселе тағы сынға.
Ақтарып ескі архивті қасқа бастар
Алады бірін-бірі ауыр сынға.

Бірінен бірі қате тапқансиды.
Бірінің бірі мінін ашқансиды.
Біріне ұлтшыл деген атақ беріп,
Біріне байшыл айдар таққансиды.

Бірақ мен көрмедім еш ұлтшылдықты,
Байшыл деу һәм оларды былшыл тіпті.
Көремін тек олардың бойларынан
Бақталас, ішітарлық, күншілдікті.

Бірі өссе, басқасы көре алмайды,
Жолдастың қуанышын бөле алмайды.
Біреуі атақ, абырой ала қалса,
Қалғаны қызғаныштан өле алмайды.

«Абайы» жұртшылдықтан алып баға,
Лауреат болып еді Мұхтар аға,

Күшінен күншілдіктің үйге сыймай,
Доноспен шапты Мұқай Москваға.

Алып ед Бекмаханов доктор атақ,
Бейшара өз басына салды шатақ.
Күншілдер Қайдарова, Қақымжанова
Тор тастап аяғына, алды матап.

Болып ед Қалпақбаев аз күн вице,
Қалмады Салпақбаев аңдып итше.
Абалап жүріп, оны ақыры алып,
Жабысты ол орынға өзі битше.

Баласы атышулы Тоқжоланың
Санайды әлі өзін деп қожамын.
Жұмали, Ысмайылды қараласам,
Дей ме екен артын жабам масқарамның.

Сыңар жақ, қызыл езу сыншы Дәмит
Дейме екен әлде өзін сонша сақ ит.
Жазушы Әуезов деп айтса болды,
Аузына кірді қара ит, шығып ақ ит.

Тарихшы Дүлейменов, Тойынбаев
Жүрген жоқ деп ел ісін орындайық.
Оларға атақ керек, мансап керек,
Сондықтан, жүр басқаға торын жайып.

Кенжекей, Дәулет Нәубет, Майқымдарым,
Ойлары олардыңда айқын, мәлім.
Кенжебай, Шалабайды сырыптастап,
Орынын тартып алмақ байғұстардың.

Жаңадан шығыпты бір Малтекеев,
Біреуге сәл көңілі қалса кейіп,
Бассалар «байшылсың»деп, «ұлтшылсың»деп,
Ісіне бұл есердің біз не дейік?!

Мейлі сен баса бергін, төпей бергін,
Белгілі бірақ жұртқа көкейлерің.
«Орынды вакантный бассам, -дейсің, -
Көздерін құртып мына дөкейлердің!».

Бұлардың көргенім жоқ көздерін мен,
Аузынан естігем жоқ сөздерін мен.
Әйтсе де баршаға аян ащы ақиқат,
Сұраңыз, нанбасаңыз, өздерінен!

ПОЭЗИЯ АРУҒА

Сенің үшін қаншама мен терледім,
Қаншама мен нахақ сөздер есіттім.
Жалғыз өзім қайғыландым, еңіредім,
Қалып қойып сырт жағында есіктің.

Маған қанша ғайбат сөздер сөйледі,
Тақты маған қанша кінә, жаманат.

Екеуімізді айыруды көздеді,
Сөнсін деді біздің жарқын махаббат.

Сені ойлап қырау басты шашымды,
Әжімдері тереңдеді маңдайдың.
Асау жүрек алқынды да басылды,
Отыз жаста-ақ егде тарттым, қартайдым.

Бірақ солай сүйе берем әрқашан,
Басылмас еш сүйіп сені, жануым.
Жүрегіңе жүрегіммен жалғасам,
Поэзия - менің ерке аруым!

ЖАНАМЫН...

- Неге күйіп, жанасың?-дейді достар,
Өмір сүре алмаймын жанбайынша.
Жанымда жолдастар бар, туыс, дос бар,
Соларға жалын атып бармайынша.

Өкінбей емір бойы тынбай жансам,
Бойымнан тұрсам ылғи қызу бөліп
Жылылық жүректерге бере алсам,
Арман жоқ осы жолда бітсем сеніп!

ҮМІТ

Бермесе де тағдыр ерік, сыбаға,
Өмір сүрем тек үмітпен бір ғана.
Көрсем деймін кең даламды өзімнің,
Ыстық болған қарасындай көзімнің.

Көкшіл тартқан көлдерімді бір көрсем,
Арманым жоқ одан кейін және өлсем.
Даладағы тауларыма көз салсам,
Жалын атқан күндерімді еске алсам!

МАҚСҰТҚА

(Ақын М.Байсейітовке)

Жану керек болғанда, жанып кеттің өрт болып.
Күю керек болғанда, күйіп түстің дерт болып.
Түру керек болғанда, тұрып қалдың серт болып.
Өлу керек болғанда, өліп кеттің мерт болып!

ТАҒЫ БІР ЖЫЛ

Тағы бір жыл қосылды кеп, қараймын -
Жылдарыма менің мұңлы, қайғылы.
Күдікпенен, үмітпенен санаймын
Қара күнім бітеді деп қай күні?

Білмеймін мен алдымда не боларын,
Өмірімде көргем талай алданып.
Арайланып атқан еді таңдарым,
Батамын ба қара түнек қарманып!?

ЕСТІСЕҢ ЕГЕР ТҮНДЕ

Естісең егер түнде терезеден,
Біреудің өксіп-өксіп жылағанын,
Қалқашым, алаңдамай ұйықтай бер сен,
Ол жаққа қарап, «Кім?» деп сұрамағын.

Кезбе емес ол, ойлаған тағдыр ісін,
Тарыққан жарлы да емес, аш-жалаңаш,
Бұл - менің саған деген сағынышым,
Бұл - менің көз жасым ғой қан аралас.

Бұл менің көз жасым ғой қан аралас...

КҮНӨ МЕН ЖАЗА

Таянып жағыма,
Көз тігем маңыма,
Отырмын ойланып,
Бір өзім тағы да.

Ойланам, толғанам,
Ойменен жоғалам...
Бір кезде кенеттен
Сескеніп, оянам.

Оянам: не көрем?
Ойланам: не терең?
Ой терең һәм тұман,
Малшынып мен тұрам.



Бұл менің көз жасым ғой қан аралас ...

Шымшыма шумақтар

БІР ӘДЕБИЕТШІГЕ

Бұхардан әрі аспаймын,
Қиынға қадам баспаймын,
Академик атақ бер,
Пожалуйста, қашпаймын.

БІР ҒАЛЫМҒА

Жазушы боп ешкімді жарытпадым,
Ақын болып өзімді танытпадым,
Енді, міне, ғалым боп шыға келдім,
Бетімді өстіп мен жаңа анықтадым.

БІР ТАРИХШЫҒА

Ағылшындар айдап сапты Кенені,
Абай, Сәкен үйреніпті Пушкиннен,
Айтшы, сонда қазақ бар ма, келелі
Пікір айтқан, үйренбей-ақ ешкімнен?

БІР «БІЛГІШКЕ»

Өз тілінде оқымайды кітапты,
Оны өзінше менсінбейтін сияқты,
Қайдан білсін, сөйтіп жүріп «білгішің»
Әрбір жерде боп жүргенін ұятты.

БІР БАСТЫҚҚА

Отыз жылдай істеймін,
Тұғырдан бір түспеймін.
Еңбегім бе? Еңбегім...
Оны өзім де көрмедім.

БІР НАДАНҒА

Білмесе де Ганнибалды, Бонапартты, Мамайды,
Ұқпаса да Шекспирді, Толстойды, Абайды,
Болмаса да саясаттан, заңнан, пәннен хабары,
Әйтсе де өзін дүниенің тұтқасына санайды.

ӨЗІМЕ

Икемі жоқ ағашқа, не темірге,
Жарамайтын ауырға, не жеңілге,
Қолынан бір қара жұмыс келмейтін
Жан болдым-ау керегі жоқ өмірге!

БІР ЗҰЛЫМҒА

Қасқыр құлқын,
Түлкідей сұм,
Һәм заһарлы жыланнан,
Туған ұлты,
Өскен жұрты
Не күтпекші бұл жаннан!?

БІР ЖАУЫЗҒА

Ойлағаны - арамдық,
Істегені - жамандық.

БІР ЗАЛЫМҒА

Қоян жүрек,
Мысық тілек,
Жүрген адам құндақта.
Іші - шірік,
Ойы-бүлік,
Білдірмейді бірақта.

БІР САРАҢҒА

Махаң деген,
Мақтап жүрген
Жігіттерің осы ма?
Посылка алса,
Барақ итше
Басып жейді астына.

ТҮЙІН

Бұл өмірде, байқап тұрсаң, жақсы да көп,
жаман көп,
Бәрінен де өзін жақсы санайтұғын адам көп,
Қайдан білсін, соларыңның көпшілігі жүргенін
Қолдау менен қолпаштаудың арқасында
адам боп.



Төрттағандар

Дейміз ғой кейде ағайын,
Жақыным, жарым, туысқан,
Мен көрдім жаттың талайын
Жүз есе артық туыстан.

Астына алып сойылдың,
Ойнатып басқа таяқты,
Ұйықтап жатқан ойымды
Өмірдің өзі оятты.

Күн өтіп күн артынан, айлар өтер,
Отырмын басымды ұстап, қайран қалып,
Ойлаймын: біздің жаққа қашан жетер
Әділдік, ақиқаттың пайғамбары!?

Ештеңе етпес. Қаттырақ қыс тақымды.
Жолың қиын. Жарата біл атыңды.
Отқа күйген өміріңнің ақтығын
Аяма сен, жандырып өт тап бүгін.

* * *

Кім жеткен бұл өмірде арманына,
Талайлар санын соғып қалмады ма?
Солардың бірі болып мен де өтермін
Пәнидің қарғыс айтып жалғанына.

НАХАҚ ТҰТҚЫННЫҢ НАРАЗЫЛЫҒЫ

*(Адал азаматтарға жала жауып, жазықсыз
жазғырған Ежов, Берия, Абакумов сияқты
халық дұшпандарына).*

Дейсіңдер халық жауы, халық жауы,
Халықтың Қасым жауы, Салық жауы,
Бұл күнде енді кезек маған келіп,
Халықтың мен болыппын нағыз жауы.

Бұл сөзді естуге де арланамын,
Кей кезде намыс қысып, шамданамын.
Жұртыма қылдай қылған жазығым жоқ,
Қалайша тағылғанға таңданамын.

Халқыма қарсы мылтық атқаным жоқ,
Отанды опасыз боп сатқаным жоқ,
Немесе туған елге дұмпандықпен,
Өтірік пәле-жала жапқаным жоқ.

Өзге елдің өсегіне ергенім жоқ,
Не ұлттан, не жұртымнан безгенім жоқ.
Сатылып не атаққа, не ақшаға,
Жат елге жасырын сыр бергенім жоқ.

Қазынаға сұғанақ қол салғаным жоқ,
Жымқырып жұрттан пара алғаным жоқ.
Немесе кісі өлтіріп, ұрлық қылып,
Ешкімнің обалына қалғаным жоқ.

Біреуге сыртынан ор қазғаным жоқ,
Біреуге сырттан шағым жазғаным жоқ.
Немесе неке бұзып, шектен шығып,
Тұрмыста адамдықтан азғаным жоқ.

Жазығым болмаса да жұртқа қылған,
Басыма бұғалық сап, түстім зындап.
Нахақтан жаламенен жазаландым,
Деген сол: «Бері аш болса- қозы құрбан».

Мейлі жау жаба берсін маған жала,
Өтірік ойдан тапқан мінін таға.
Бір болар бірақ алда шындық соты,
Айтар бір әділ билік тарих-аға.

Салынар таразыға ақ-қарамыз,
Шындықты түгел қоймай ақтарармыз.
Қазіргі қаралаушы, жазалаушы
Жауыздар, сонда шығар масқараңыз!

Ақырғы әділ үкім айтып елім,
Паш етер ақтығымды әлі-ақ менің.
Берілер сазайларың сендердің де,
Көз жастар нахақ аққан кетпес тегін.

Сенемін осы күннің келеріне,
Шындықтың жауыздықты жеңеріне.
Сенемін үкімет пен партияның
Қол ұшын қайта маған береріне.

КҮЙІНІШ

Жоғары сезім жоқ бүгін
Жүректе терең жатулы.
Барлық пікір, бар ұғым
Есептеулі, сатулы.

Отаншылдық, махаббат,
Туыстық, достық десек те,
Пәк көңілге болып жат,
Айналды бәрі есепке.

Сүймеді ешкім Отанын
Өзіне жайлы болмаса,
Отан да сүймес өз ұлын
Ісіне көңлі толмаса.

Ата-ана сүйді баласын
Асырар деп өскенде,
Салмаса көздің қарасын,
Ұлына ол да өшпенді.

⁷⁵
Балаға ыстық-ана, рас,
Емшек сүтін бергенде,
Анаға бала қарамас
Өзіне-өзі келгенде.

Ағасы сүйер інісін
Болар деп тірек, тынысым.
Бермесе іні қол ұшын,
Дер ол да: «Інім құрысын!».

Іні де сүйді ағасын
Әзірше, әлсіз күні үшін,
Салғанша көздің қарасын,
Бергенше бөліп ырысын.

Қыздар да сүйді жігітті
«Болар, - деп, - бәлкім, күйеуім».
Артып оған үмітті,
Өмірлік мақсат, тілеуін.

Жігіт ше? Қызды ол-дағы
Сүйеді күндік нәпсі үшін,
Жеңбекке бірге жолдағы
Тұрмыстың түрткі,тапшысын.

Пайдасын ойлап адамдар,
Бір-бірімен достасты.
Түспесе пайда, қараңдар,
Ажырасты, қастасты.

Есепсіз, шартсыз, саудасыз,
Адал, ашық көңілмен
Сүйетін адам қайдасыз?
Көрмедім бұл өмірден.

БАЛА ҚАДІРІ

Жапанда жаттың қолында
Қос қалқамды қалдырдым.
Қарай-қарай жолына,
Көзімді әбден талдырдым.

Қос қарағым, қалқашым
Қандай халде жүр екен?
Сүйеді кімге арқасын,
Қамқоршы оған кім екен?

Жүр ме екен әлде тарығып,
Қарны ашып, қанбай ұйқысы?
Қарай ма оймен қамығып,
Қамшы ма сәби күлкісі?

«Қатықты құй!» деп кесеге,
Тұрса яки нан таңдап,
Өгей әке, шешеге
Қарай ма қалқам жаутаңдап?

Жатжандар білмей бағасын,
Ұрса ма, әлде нұқи ма?
«Ит, күшіктің баласын!"
Десіп көзге шұқи ма?

Көтермей сөзін өзгенің,
Теріс қарап жылай ма?
Істете алмай дегенін,
Көзінің жасын бұлай ма?

«Қайтыс боп байғұс анасы,
Әкесі жоқ боп кетіп ед, -
Дей ме жұрт, - өне қарашы,
Солардан қалған жетіме!»

Ата-анасы барларды
Көргенде, көңлі бұзылып,
Қозғай ма іште арманды,
Қарай ма қалқам қызығып?

«Менің де әкем бар ед» деп,
Апа ма мені есіне?
«Әкешім қашан келед?» деп,
Қарай ма жолға тесіле?

Жиылар бойға дерт болып
Сәбидің тартқан қайғысы.
Өзегі жанар өрт болып,
Түсінер мұны қай кісі?!

ЖАР ҚАДІРІ

Қалды артымда қалың ел,
Атам, анам, балларым,
Бірақ маған бәрінен
Көрінер ыстық жан жарым.

Өйткені, мен онымен
Бірге тұрып, бірге өстім,
Тұрмыстың тайғақ жолымен
Бірге жүріп, бір кештім.

Бірге көрдім өмірдің
Рахаты мен азабын,
Бірге естігем өңірдің
Мақтауы мен мазағын.

Әйеліммен әрқашан
Ошағым бір, үйім бір.
Үйім бірге болған соң
Жағдайым бір, күйім бір.

Әйеліммен, сонан соң,
Дастарқан бір, қазан бір.
Қазан бірге болған соң
Сыбағаң бір, жазаң бір.

Араласты тағы да
Өкпе-бауыр, қан-жыным.

Ортақ еді барыма,
Бөліскен ек барлығын.

Іштегімді ақтарып,
Айтқаныма батыл сыр,
Кейбіреулер бас салып,
Деп те жүрер «Қатыншыл!».

Десе мейлі, дей берсін,
Шамданаң оған несіне?!
Әйелсіз жасап бір көрсін,
Түсер бұл сонда есіне.

МЕНИҢ ӨМІРІМ

(Махмұд Мақалдың аузынан)

Мен өмірге келгенде, жылай келдім,
Көздің жасын көл қылып, бұлай келдім.
Өмірдің азаба мен тозағына
Көнбеймін деп, тыпырлай, тулай келдім.

Мен өмірде өскенде, жылай өстім,
Қанды жаспен көзімді бұлай өстім.
Тұрмыстың тар жол тайғақ кешуінде
Азаппен арпалысып, тулай өстім.

Мен өмірден кетерде жылай кетем,
Көздің жасын көл қылып, бұлай кетем,

Тартсам да қалың қасірет, ауыр азап,
Қимай удай өмірді, жылай кетем.

АШЫНУ

Арсыз өмір ақың не
Мазақ етіп ортаға?
Жас жаныма жара еге,
Қолың салдың қолқама.

Заманның зәрлі айбыны
Жасқантып мені жасымнан,
Қара бұлтты қайғының
Арылған емес басымнан.

Заһар болып ішкен ас,
Жас жанымды улады.
Көзден ақты қанды жас,
Көрмедім рақат туғалы.

Жаралы жанды онша көп
Азаптама, опасыз!
Ажал оғың тисе дөп,
Ап да кет. Ол - оқасыз.

ҚАЙРАН, НҰРА!

Паспорт пенен партбилеттен айрылып,
Жатқан кезде қос қанаттан қайрылып,
Бүкіл Нұра аяғынан тік тұрды,
Бүкіл Нұра аза шекті қайғырып.

Әкем келді сүйретіп қу сүйегін,
Жеңгем жетті кемсең билеп иегін,
Ұшты жарым сонау шалғай қиырдан,
Қос қолына қысып алып жүрегін.

Шапты достар көмек сұрап, «қайдалап!»,
Осы сәтте тұрған жан жоқ жай қарап.
«Кеуделесе» Аққошқар мен Құдыман,
Дәулетбек пен Жүсіптер жүр «майдалап».

Қалдырмаймын десіп мені қапаста,
Ұшты Айтжан, ұшты Махмет, Қапашта.
«Ақырғы оқ осы болсын» дегендей,
Жанайдарды сайлап қойған «запасқа».

Қарындасым қайғырды, ол да егіліп,
Келінім тұр көзден моншақ төгіліп.
Айтшы, Нұра, сонша саған кім едім,
Қиналғандай сан қабырға сөгіліп?

Сонша кім ем? Кімге ғана дәрімін,
Емеспін де бір керемет, нәніңмін.

Бар болғаны -топырағыңда туыппын,
Бар болғаны - жалғыз тамшы қаныңмын.

Тек сол үшін жүрсіңдер ғой күйініп,
Жатырсыңдар жабырласып, үйіліп.
Тек сол үшін тәуекелге бел байлап,
Алыпсыңдар тас түйнектей түйініп.

Қайран Нұра, қайран атамекенім,
Жүрегімді жұлсам да аздық етермін.
Топырағыңнан айналайын, туған жер,
Еңбегіңді қашан ғана өтермін.

АЛМАТЫДАН АЛЫСТА

Отырғанда оңашада, аулақта,
Көз алдымнан өтеді өмір елесі.
Түсесің сен есіме кеп сол шақта,
О, Алматым, өмірімнің белесі.

Өлі есімде: сонау алыс Арқадан
Алас ұрып, аңсап сені келгенім,
Айрылысып ата-анадан, қалқадан,
Құшағыңа құмарлана енгенім.

Өлі есімде: асау албырт үмітпен,
Университет баспалдағын басқаным,
Кейде анық, кейде күңгірт күдікпен,
Аудитория есіктерін ашқаным.

Шыққанда Күн Алатауға асыла,
Тақиямды баса киіп шекеме,
Жөнелгенім жұртпен бірге асыға,
«Қайдасың, - деп, - қайран, ыстық мекеме?!».

Өлі есімде: сүйген жарым қасымда,
Кең көшеңді кезіп талай жүргенім,
Астананың Айлы түні астында,
Сырласқаным, сүйіскенім, күлгенім...

Өлі есімде: таудан соққан самалға
Ашып тастап ақ көйлектің жағасын,
Өзіл айтып Фатима мен Жамалға,
Қыдырғаным жасыл бақтың арасын.

Кетер емес ешқашан да есімнен
Алматының әсем,алтын күндері,
Жанға жайлы қоңыр салқын кеші мен
Айсыз аспан, бұлтсыз тынық түндері.

Шығар емес еш уақытта жадымнан
Астананың әсем,алтын шақтары,
Кек үйлері,қатар-қатар салынған,
Театрлар, стадион, бақтары...

Енді, міне, Алматыдан айдалып,
Тағдыр қуып, келдім ауыл бір шетке,
Торға түскен тоты құстай байланып,
Көкірек толып қайғы менен қасіретке.

Көңіл бөлмей, көзді салмай басқаға,
Отырғанда бейуақытта, оңаша,
Түседі еске қайта-қайта астана,
Өрі көркем, әрі ерке, тамаша!

О сүйікті, о сүйкімді Алматым,
Білмеппін ғой бұрын сенің бағаңды.
Сен екенсің жаһандағы жаннатым,
Жер жоқ шығар сенен сұлу ғаламда!

МЕНИ БАСҚА ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТ ЖҮДЕТКЕН...

Мен де Назым, коммунистік жүректен,
Мен де Мұса, Отаншылдық тілекпен,
Азаптаса тек оларды бір қайғы,
Мені басқа қайғы-қасірет жүдеткен.

Назымға ұқсап, шықпай ашық айқасқа,
Мұсаға ұқсап, өлмей қанды шайқаста,
Мен алыстым белгісіз бір күшпенен,
Жанталастым тура жолдан таймасқа.

Назымға ұқсап, жаттан қорлық көрмедім,
Мұсаға ұқсап, жау қолынан өлмедім,
Қаралаушым - кешегі өз жолдасым,
Жазалаушым - тағы да өз сенгенім.

Назымға ұқсап, тартпай жаттан жазаны,
Мұсаға ұқсап, таппай жаудан қазаны,
Менің жауым - өз жерлесім, өз досым,
Қиын екен Отандастар азабы!

Мен де Назым, коммунистік жүректен,
Мен де Мұса, Отаншылдық тілекпен
Азаптаса тек оларды бір қайғы,
Мені басқа қайғы-қасірет жүдеткен.

ПРОКУРОР

Зада Қажыбековке

Құтылмаған сорлы бас
Көптен бері шатақтан,
Жала жауып бір «жолдас»,
Карцерге түстім нахақтан.

Өлтірмек боппын мен оны,
«Бар», - депті-ау тағы, - пышағы!».
Жаласы жаудың бұл жолғы
Жанымды жаншып, қысады.

Болған соң бір жазалы,
Сене ме сенің сөзіңе?!
Айырмай ақ-қарасын,
Апарып тықты тезіне.

О әділдік, о шындық!
Бармысыңдар, қайдасың?
Мыналары не сұмдық?
Қақсаңшы қастық найзасын!

Өлтірмек түгіл адамды,
Көргем жоқ тауық бауыздап.
Жапсаңшы жөндеп жалаңды,
Тұрған соң, ақымақ, ауызға ап!

Ызадан жүрек тесіліп,
Отыр ем оймен ашынып,
Түрменің темір есегі
Кенеттен кетті ашылып.

Кіріп келді үстіме
Помпрокурор - жас жігіт.
Көзіме көзі түсті де:
- Отырсыз, - деді, - не қылып?

Тұрмадым созып сөзді мен,
Салқындау айттым жайымды.
Прокурордан күтпеп ем,
Нансаңыз, достар, қайырды...

-Жарайды, жақсы, - деді де,
Кетіп қалды қоштасып.
Соңынан бастық келді де,
Оқыды қаулы, папка ашып.

- Ихсанов* кім? Сізсіз бе?
Затыңызды алыңыз!
Кешірерсіз Сіз бізді,
Азатсыз, - деді, - барыңыз!

«Азаттық» деген лебізді
Естігенде жаутаңдап,
Аяққа іліп кебісті
Жөнеле бердім томпаңдап.

Прокурорды орынға
Санаушы ем ылғи даттайтын,
Бар екен сөйтсем оныңда
Адамды кезі ақтайтын!

«СҮЙІНШІ!..»

Келгенімде дүниеге іңгәлап,
Айтқан шығар бұл сөзді жұрт мың қабат.
Қуанышпен, сүйіншілеп, әкемнің-
Жатқан шығар жүн шекпенін жұлмалап.

Не тамаша көрмес дейсіз тірі адам
Тағдырының талқысына шыдаған.
Туғанда да балаларым өзімнің,
Менен де жұрт сүйіншісін сұраған.

* Ихсанов - ақынның әдеби бүркеншік аты.

Енді, міне, жүрген сәтте бұғауда,
Әлдекімнің дәті барып сұрауға,
«Сүйінші!..» дейді, маған іштен айғайлап,
Есеңгіреп, аз-ақ қалдым құлауға.

Жаңа ғана шығып келіп шахтадан,
Сапқа тұрған тұтқындарды қаптаған.
Жатыр еді оннан санап енгізіп,
Тас қамауға дарбазалы қақпадан.

Сүйінші сұраушы - іште, мен -тыста,
Жылдай болып кетті уақыт ең қысқа.
Қайыра бір естуге сол лебізді,
Қанат болса, ұшар едім мен құсша.

Шіркін жүрек аттай тулап, мөңкиді,
Жылжып келем, ой тербетіп он қилы.
Жақсы сөздің байыбына бара алмай,
Жаны құрғыр дөңбекшиді, толқиды.

Бір лықсыдық, кірдік темір қақпадан,
Құлниязды көрдім қарсы аттаған.
Келді ме екен сәлемдеме әлдебір,
Келді ме екен қуанышты хат маған!?

Мені көріп, құшақ жая жүгірді:
- Қысқартыпты сенің он бес жылыңды!
Қалған онын бірдеңе етіп өтерсің,
Тілей бер тек одан арғы ғұмырдан!..

Мұндай сөзді қанға құйған у ұғып,
Ата-бабам өлер, бәлкім, буынып.
Ал мен болсам, қуанғаннан сүйіншіге
Жиырма бес сом бердім сонда суырып.

ХАТ

Басқа түскен азап пенен айыптан
Мезгілімде жаңа ғана айыққан,
Душар болды тұтқиылдан бір пенде,
Періштедей пайда болған ғайыптан.

Көрген жерде-ақ парасатын, ажарын,
Ауды бірден ықыласым, назарым.
-Осы екен ғой, -дей беріппін, -бақытым!
- Осы екен ғой, - дей беріппін, - базарым!

Өлген едім, қан жүгіртіп, жан бердің,
Сөнген едім, нәр тамызып, әл бердің.
Жүрегімде махаббатты маздатып,
Өміріме маңыз бердің, мән бердің.

Ғажайыптан пайда болған шырағым,
Асыл өскен бәйтерегім, шынарым.
Тек бір Сізсіз - ендігі өмір арманы,
Тек бір Сізге - идеалым, құмарым.

Албырт көңіл бір өзіңе таппырар,
Асау жүрек бір өзің деп алқынар.

«Жаным!» деген жалғыз ауыз сөзіңнен
Еш нәрсе жоқ менің үшін артылар.

Көңіл көзі бір өзіңе қадалар,
Қадалар да жанға жайлы нәр алар.
Төңкеріліп бір қараған жүзіңе
Еш нәрсе жоқ менің үшін пара-пар.

Мен бақытты күткен емен байлықтан,
Мансаптан да біздің жүрек шайлыққан,
Менің бақытым - жақсы жардың жанында,
Кем болмақпын, -деймін, -сонда қай жұрттан!?

Рас, менің ауыр қазір хал-жайым,
Жар сүйерлік жоқ та шығар жағдайым.
Бірақ алтын көз тартпай ма алыстан,
Қара түнде жарқыраған Айдайын!?

Шын махаббат қарайды ма жағдайға?
Жайлы қоныс, жылы төсек таңдай ма?
«Тәуекел!» деп қосылмай ма қос жүрек,
Соң көрмей ме не түскенін маңдайға?

Сондықтан да, жаным, бұған қарама!
Кедейлікті кемшілікке санама!
Деген бар ғой: «Ер жақсысы - түрмеде»,
Ат жақсысы жегілмей ме шанаға!?

Тек бір «Сіз!» деп, соғар менің жүрегім,
Тек бір Сізде - ендігі үміт, тілегім.
Тек Сіздің сөз - өмірімнің үкімі,
Тағдырымды шеше тұғын бұл менің.

Беріп Сіздің сотыңызға өзді,
Жолыңызға қадаймын мен көзімді.
Үміт етем, көптеп күтем, сәулешім,
«Жақсы!» деген жалғыз ауыз сөзіңді.

АТАНДЫМ ҚАЙТА АЗАМАТ

Капитан Кибенкоға

Шақырды мені бір күні
Кеңсеге кенет бастығым.
Түсі де тіпті жып-жылы,
Сездіріп сыртқа шаттығын.

- Ақталдың, - деді, - жігітім,
Адамсың енді таза, ақ.
Ақталды ақыр үмітің,
Атандың қайта азамат!

Естігенде бұл сөзді,
Кетпедім неге жарылып!?
Алдыма келді-ау бір кезгі
Алыс арман, ақ үміт!

Қолымды қысып бастығым,
Шығарып салды кеңседен.
Кеудеме сыймай шаттығым,
Келемін басып теңселе.

* * *

Босанып шығып лагерьден,
Еліме беттеп келем мен,
Жөн-жоба сұрап әркімнен,
Өлі де болса елеңмен.

Рас па? Түсім, өңім бе?
Шынымен бұған сенем бе?!
Шынымен еркін өмірге
Ентелей басып енем бе?!

Шынымен туған ауыл мен
Барам ба өскен қалама?!
Кездесіп достар бауырмен,
Құшаққа ыстық ала ма?!

Бәрі де рас, бәрі шын,
Жаһанда тарап жаңғырық,
Москваның дауысы
Тұрды әлемді таң қылып.

Лениндік норма қалпына
Келіп, орнап заңдылық,
Әділдік туып жалпыға,
Жеңіпті шындық мәңгілік.

Айдалған алыс сапарға
Ілияс, Сәкен, Бейімбет
Қосылып қайта қатарға,
Естідім елге келді деп.

Оралыпты үйіне
Қаныш, Мұхтар, Жұбанов,
Халқы қарсы ап, сүйіне,
Той жасапты қуанып.

Әлемдегі бар күй-ән
Кеудеме жыр боп құйылып,
Жүрегім, жаным - партиям,
Жүруші ем саған сыйынып.

Жеңді ғой ақыр адалдық,
Шешті ғой әділ съезің.
Атымен айтам адамдық:
Жолыңа құрбан сый - өзім!

Жүруші ек саған жан қия,
Сөзінді осы күтіп ек.
Рақмет саған,партия,
Рақмет саған,үкімет!

МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан.....	3
Туған жер толғаулары.....	13
Декабристер даусы.....	15
Отты жылдар өлеңдерінен.....	17
Әлемде талай тағдыр бар.....	20
Сарғайған дәптер беттерінен.....	23
Тас еденнің ызғары.....	31
Шымшыма шумақтар.....	67
Төрттағандар.....	71.



Кітаптың жарық көруіне көмек көрсетіп, қамқорлық жасағаны үшін ақынның ұрпақтары мен туған-туыстары қоғам қайраткері, меценат һәм белгілі ғалым - заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбековке зор алғыс айтады.

Бүркіт Ысқақов

БҰЛ МЕНІН КӨЗ ЖАСЫМ ҒОЙ
ҚАН АРАЛАС

Өлеңдер

Кітап авторлық редакцияда басылды

Бас редакторы Нұржігітова М.М.
Редактор *Қонысбаева Ж.М.*
Техникалық редакторы *Мерғалина А.Ж.*

Басуға 08.09.2014жолқойылды. Пішімі60х841/16. Көлемі6.0б.т
Таралымы 300дана. Өріп түрі «Times». Офсеттік қағаз.

*"Болашақ-Баспа" редакциялық-баспа
бөлімінде басылып шығарылды
Қарағанды қ., Қазақстан көш., 15 а*



Бүркіт ЫСҚАҚОВ
(1924 – 1991)

Ақын, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты (1970). Қарағанды мұғалімдер институтын бітірген (1942). Ұлы Отан соғысына қатысқан. Шығармалары 1938 жылдан шыға бастады. «Сенің Отаның», «Москваны тыңдаймын», «Жылдар жырлайды», «Шабыт шуағы», «Әлімнің әлемі», «Өлеңді жылдар», «Шындық даусы», т.б. жыр жинақтарының және бірнеше публицистикалық кітаптардың авторы.

Ұлы Отан соғысынан кейін қуғын-сүргінге ұшырап, 1956 жылы ақталған.